

Қаржы саласы қателікті кешірмейді

Осы аптада Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмағамбетовтің төрағалығымен дөңгелек үстел өтті. Оған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Талғат Ильясов, мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы Қайрат Әбуов, ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жандос Абсат және аудан әкімдігіне бағынысты дербес бөлім басшылары, ауыл әкімдері мен олардың есепшілері және мемлекеттік кәсіпорын басшылары мен есепшілері қатысты.



Күн тәртібінде Жалағаш ауданының 4-ші деңгейлі бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік ұйымдарына бюджеттен берілген қаражаттардың пайдалануына және мемлекет активтерінің басқарылуына жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары туралы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Талғат Ильясовтың баяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша, 2022 жылдың 1 тамызы мен 29 тамыз аралығында «Жалағаш ауданының 4-ші деңгейлі бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік ұйымдарына бюджеттен берілген қаражаттардың пайдалануына және мемлекет активтерінің басқарылуына мемлекеттік аудит» іс-шарасы бойынша, кент пен 14 ауылдық округ әкімінің аппараты және үстеме тексерумен ауылдық округ әкімінің аппараттарына ведомствалық бағыныстағы 14 ауылдық клуб пен мәдениет үйлеріне сыртқы мемлекеттік аудит жүргізілген. Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі – 6 117 618,3 мың теңге, оның 2 270 989,9 мың теңгесі – жоғары тұрған бюджеттен берілген нысаналы трансферттер.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында бюджет және қолданыстағы басқа да заңдылықтардың нормалары сақталмауынан анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы – 807 936,7 мың теңге, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 801 398,2 мың теңге. Ал тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен активтер – 6538,5 мың теңге.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 11 270,6 мың теңгесі жергілікті бюджеттер мен мемлекеттік ұйымдардың есепшоттарына өтелуге, 790 127,6 мың теңгесі қалпына келтіруге жатады. Мемлекеттік аудит барысында 3 382,5 мың теңге бюджетке және кәсіпорын есепшоттарына өтелсе, 620 898,9 мың теңге қалпына келтірілген.

Тексеру комиссиясымен аудит объектілерінің 3 лауазымды тұлғасына ҚР ӘҚБтК-нің 235 бабымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, 1 225 200 теңге әкімшілік айыппұл салынып, 612 600 теңгесі бюджетке өндірілген. Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға немесе қарауға уәкілеттілік берілген органдарға барлығы 42 материал жолданып, 22 материал бойынша лауазымды тұлғаларға «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделсе, 15 материал бойынша 1 684 650 теңге әкімшілік айыппұл салынып, бюджетке толық өтелген.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар салық және бюджет, мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын, бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаттарын бұза отырып жүргізгеннен қалыптасқан. Жыныда бұл келеңсіз жағдайлардың орын алуына жол берген жергілікті басшылардың да жауап беретіні ескерілді. Қомақты айыппұл арқалагандар да айтылды. Шындығында бұл мәселе өзінің жауапты жұмысына салғырт қарағаннан орын алған. Есепші болу аса қырағалық пен ұқыптылықты қажет етеді. Сондықтан мемлекеттік бюджетін игеруде кент, ауылдық округ әкімдері барынша қырағы болғаны жөн.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Құрмет



Адал еңбекке алғыс

Әр саланың көрсететін қызметінде өзіне тән ерекшелігі бар. Бірақ әлеуметтік салада қызмет ету тек өз ісінің маманы болып қана қоймай, адамгершіліктен, мейірім мен шыдамдылықтан алыстамауды талап етеді. Өйткені бұл саланың мамандары тікелей халықтың әлсіз топтарымен жұмыс істейді. Тек қана мәселемен бетпе-бет келетін сала қызметкерлерінің сол тұтындаған қиындықты шешудегі әділдігі, табандылығы мен кәсібилігі қызмет сапасының артуына септігін тигізеді.

Жалпы мемлекеттен көмек, адамзаттан мейірім күтетін жандарға қашанда қолдау көрсетіп келе жатқан әлеуметтік саланың мамандары десек, қателеспейміз. Қанша жан осы қызметкерлердің алдына мәселемен барып, ойларындағы талап-тілектері шешімін тауып, еңселерін тіктеуде. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің 28 түрі болса, тиісті сала мамандары өздерінің күзгіретіндегі міндеттерді сапалы әрі қолжетімді түрде орындап, халық пен биліктің арасындағы байланысты нығайтуда. «Кіріс тізбегі ұста ойыңның өресін, мейірім өтсен, мейірім көресін» деп қазақтың бас ақыны айтқандай,

мейірім жүректең, тілек жылы сөзден тарайтынын білетін аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі мен жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері аудан халқының, оның ішінде тұрғындардың әлсіз топтарының мемлекеттік көмек пен қолдауды алуына, уақытылы әлеуметтік көмектермен қамтылуына атсалысып келеді.

Жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі атап өтіледі. Биылғы төл мереке қарсаңында да еңбектері елеусіз қалмады. Аудандық әлеуметтік сала қызметкерлерін қабыл-

даған аудан әкімі Асқарбек Есжанов та бұл маман иелеріне артылар жүктің ауыр екенін айтты.

– Кез келген мәселені тұрғындар алдымен сіздердің алдарыңызға барып айтады. Әр тұрғынның жұмыссыздық мәселесі, ерекше жандардың мемлекеттік көмектермен уақытылы қамтылуы, жабырқап барғанның жадырап шығуы да сіздерге байланысты. Ел еңсесін тіктеуге, оның ішінде жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шаралар, осы ретте ниетті жандарға берілетін қайтарымсыз гранттардың

мәселесі, барлығы да тікелей сіздердің бақылауларыңызда. Сіздер айналысатын, сіздер атқаратын қызметтің қандай қиын екенін және соған қарамастан барлық қиындықты еңсеруге тырысатындарыңызды да білеміз. Еселі еңбектеріңізге сәттілік тілей отырып, алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, әлеуметтік саланың дамуына үлес қоса бересіздер деп сенеміз, – деді аудан басшысы.

Салтанатты жиында аудандық мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева, аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Баймаханова, сала ардагері Т.Алпағанбетова сөз алып, мерейлі мерекемен құттықтап, әріптестеріне ыстық ықыластарын білдірді.

Шара соңында сала ардагерлері мен бірқатар әлеуметтік сала қызметкерлері облыс әкімінің, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының алғыс хатымен, аудан әкімінің құттықтау және алғыс хатымен марапатталды.

Нұр НАУАН

Бөрекедді!

«Қунара осы сенің редакцияңа бір келмесем, басым ауырады» дейді жүзіне күлкі үйірілген Қасымқожа қария. Жуырда ғана ауруханадан шыққанын білетін мен де «Бір жетпей ат ізін салмап едіңіз, аяғында ауруханадан бір-ақ шықтыңыз ғой» дедім әзілмен жауап берген болып.



Антына адал жандар

– Әй, сен бала аурухананы жақсы есіме салдың. Енді саған тапсырмам бар.

– Қулақ сізде, қария...
– Бөріміздің де басымыз ауырып, балтырымыз сыздағанда пана көрер адамымыз дәрігерлер ғой, мен де жуырда қатты ауырып қалдым. Орталық аурухананың күндізгі стационар бөлімінен бір-ақ шықтым. Алдына сал болып барған адам едім, бір жетіде аяғымға тұрдым. Ондағы дәрігерлердің антына адалдығынан бөлек, науқастарға өзінің ағайын-туысындай, ата-анасындай қызмет көрсеткеніне риза болдым. Әй, сен неге сондай өз ісіне адал жандардың жұмысын еңбегіңе арқау етпейсің? Мен сені сонда алып барайың, олар да басылым бетіне шығып жатса, жұмысына шабыт болады ғой.

Ауызынан ақыл аққан қарияның кез келген буынмен қатарындай сөйлесіп, кейде қуақы тілмен бір тықыртып алатынына ризамыз. Қасымқожа қарияны көрсем, қарымды қаламгер Тынымбай көкеміздің еңгімелеріндегі кейіпкерлер көз алдыма келеді.

Не керек, көкеміздің көңілін жықпайын деп, қол баста орталық ауруханға бірге баруды жөн деп таптым. «Онда негіп отырсың, түс алдыма» дейді қария.

– Әй, мені баспалдақпен басып озып, диттеген жеріне тез бара қоятын қатарың деп не едің, жеделсатыммен жүрейк.

Жеделсаты диттеген жерімізге де алып келді. «Күндізгі стационар бөлімі»

деген жазу қарсы алды алдымыздан. Ойлағанмын, «Көбінде күндізгі стационарда жеңіл-желпі дертпен ауырғандар ем алады» деп. Алайда мұнда дерті қатты қарт кісілер де бар болып шықты.

Орталық ауруханадағы күндізгі стационар бөлімінде 50 төсекорын бар. Біз барған күні соның біреуі де бос емес екен. Науқастар ем алып жатқан бөлмеден шығып, дәрігердің кабинетіне кірдік.

– Әселжан, айналайын, саған журналистерді алып келе жатырмын. Жаңа осында ем алғанымызды, сендердің көрсеткен сапалы медициналық қызметтеріңді бастағаным сол еді, мына жүгірмек «Аға, мені сонда алып барсаңызшы» деп отырып алмасы бар ма? Ал келдік, қалғанын сөйлесіп жазарсың, – деп өзі есікке еңтелей берді Қасымқожа қария.

«Негізі бұл жаққа не үшін келдік, оған кім себеп болып еді?» деген сауалдардың жауабына іштей бойлап мен отырмын. Бір уақытта «Біздің де еңбек бағаланатын кез болады екен ғой» деген дәрігердің сөзі бұзды ойымды.

Өзім де ыңғайсызданып қалдым. Біз негізінен әр саланың өзіне тән қызығы мен шыжығы болатынын білсек те, кей көздері мамандарға орынсыз айып артып жатамыз. Осы ретте мұндағы дәрігерлер қауымының еңбегіне риза болып, олардың антына адалдығын әр ортада тілге тиек еткен Қасымқожа ақсақалға біз де разы болдық. Шынында дәрігердің «Біздің де еңбек бағаланатын

кез болады екен ғой» деген сөзінен біраз нәрсені аңғаруға болады. Жергілікті билік тарапынан төл мереке қарсаңында оларға үлкен құрмет көрсетіледі. Бірақ ұсақ-түйек дүниеге бола кейде оларды жерден алып, жерге салып, әлеуметтік желіде әлімжеттік жасайтынымыз тағы бар. Оның үстіне қазір екі сөздің басын құрап, желіні еркін пайдаланғанның бәрі ақылшыға айналды ғой бұл қоғамда. Дәрігердің айтпағы осы ма деп түйдім іштей.

Бұл бөлімде 1 дәрігер, 2 медбике және 1 кіші аяжан мұндағы науқастарға ем жүргізіп, медициналық қызмет көрсетеді. Ондағы науқастарды да өңімге тарттық. Ешқайсысының мұндағы антына адал абзал жандарға өкпе-назы жоқ, керісінше алғыс жаудырды.

Әсел Тоқманованың денсаулық сақтау саласында 10 жылға жуық тәжірибесі бар. Еңбек жолын Дәуімбай елді мекенінде учаскелік дәрігер болып бастаған ол бүгінге дейін қаншама адамды дерттен айықтырып, алғысын алды. Әлі де салада жиган тәжірибесін жас мамандармен бөлісіп, өзі секілді білікті дәрігер қалыптастыруда өлшеусіз еңбек етуде.

– Қазір осы күндізгі стационар бөлімінің дәрігеріміз. Әріптестеріміз бірге осындағы науқастарға емдік шаралар жүргіземіз. Біз үшін бөрінен елдің алғысы қымбат. Сондықтан мейлінше антымызға адал болуға тырысамыз. Қазірдің өзінде бізде бос төсекорын жоқ. Соның бөріне бас-аяғы

4 сала маманы медициналық қызмет көрсетеміз. Көбіне көктемде халық арасында қаназдық, күн суытса, демікке өршиді. Ал қан қысымының көтерілуі бүгінде жас талғамдай түр. Мейлінше алдымызға келген адамдардың дерттен құлпантаза айығуына жұмыс жасаймыз. Біздің бөлім күндізгі стационар болғандықтан жұмысымыз таңғы сағат 8.00-де басталып, көшкі сағат 18.00-де аяқталады. Тағы да қайталап айтамын, біз үшін ең бастысы – елдің бағасы, халықтың алғысы, – дейді дәрігер Әсел Тоқманова.

– Дәрігер, бір науқас «қысылып жатырмын» дейді.

Кіші аяжанның осы бір-ақ ауыз сөзінен кейін екеуара диалог та үзілді, тіпті алдымдағы дәрігерді таппай қалдым. Оның артынан ерген кіші аяжанды бағытқа алып, біз де науқастар жатқан бөлмеге ендік. Дене қызуын және қан қысымын өлшеп алған тәжірибелі дәрігер емдік шараларын жүргізіп, науқасты қалпына келтірді.

Біз үшін ауруханадағы жарты сағатымыз уайыммен өтті. Ал әрбір науқасқа ем жүргізіп, олардың дертімен алысу мұндағы тәжірибелі мамандар Әсел Тоқманова, Гүлнұр Нұрмағанбетқызы секілді абзал жандардың күнделікті жұмысына айналған. «Халықтың бағасы бөрінен қымбат» деген мұндағы тәжірибелі мамандардың сөзіне жұмысына қарап күмәндану мүмкін емес.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.



Сұлу Сырды жырымен тербеткен, әуенімен әлдилеген

Сыр сүйлерінің соңғы легінің дүлдүл өнерін кезінде айызы қанғанша тамашалап соның әсерінен көпке дейін арыла алмай жүрген бір қарттың: – Пай-пай, десеңші, бұрынғы өткен жыраулардың несін айтасың бірі-бірінен өтетін еді ғой. Не сиқырының барын кім білсін, әйтеуір ә дегеннен-ақ тыңдаушысын құлаққа жағымды қоңыр үндерімен баурап екететін. Өзіміз ойын баласы болсақ та, ұзақ таңды ұйқысыз өткеретінбіз. Неге екені белгісіз, қазіргі жастардың көне мұраға деген ықыласы суып бара жатқан сыңайлы. Бұдан гөрі батыстың даурықпаларына әуес дегенді құлағымыз шалып қалады. Қалай дегенде де, ес біліп, өтек жигалы осы көне қисса-дастандар, һәм терме-толғаулармен мол сусындап өскен аға буын өкілдерінің сол бір жыр бұлбұлдарының сақа алтындай сиқырлы өнерін аңсап та, сағынып та жүргендері ақиқат.

Бірде журналист ағамыз Ахат Жанаевтың үйіне сәлем беріп барған едім. Ол кісі көп жылдар бұрын ұнтаспаға жазылып алынған, мұқият сақталған терме-толғауларды тыңда-тып, бір жасап қалдық. Таныс ұң, таныс әуен. Мынау жарықтық Ақмырза Тұяқбаевтың мақамы ғой, қызым. Нәткен ғажап дауыс деген еді. Ахат ағамыздан көзі тірісінде естігеніміз бойынша арқалы, ақиық ақынныңыз Асқар Тоқмағамбетов ағамыз Ақ-мырза Тұяқбаевты айырықша құр-меттеп, көпшілік алдында абырой-беделін асқақтатып отырады екен. «Кезінде облыстық газетте жарық

көрген көлемді очеркті «Ақпа жырау, Ақмырза» деп атағаны да есімізде. Ақаң шынында өзіндік өнері бар төкпе жырау болатын. Қос ішекті күйге келтіргенде ерекше бір сезімге бөленіп, әсемдік әлеміне бойлап кететінбіз. Кезінде Ақаңмен талай табақтас болып, 30 жылдан астам уақыт бойы ол кісінің айшықты өнерін облыстық, республикалық радио арқылы на-сихаттап келдік. Өмірінің соңғы жылдары ағамызбен көрші тұрдық. Ақаң дастарханның ажарын ашып, базарын келтіріп отыратын. Жөңгеміз Фатима Төлегенқызына сонау соғыс жылдарынан құлағымызда қалған

«Кестелі орамал» және «Солдат са-ғынышы» әнін орындататын едік. Сөз арасында айта кететін жайт, халық ақыны, тамаша сазгер Нартай Бекежановтың эстрадалық брига-дасы қашан таратылғанға дейін ерлі-зайыпты екеуі осы ұйымда өнер көр-сетіп, ел-халқының ыстық ықыласына бөленген өнер саңлақтары болатын.

Ол кісі «Көрүглы», «Тақ Сүлей-мен», «Алтын балық» сияқты эпика-лықдастандарды да майын тамызға төгіттетін. Бір басқосуда ағамыз терең тебіреніспен «Тұяқбайәкем тау тұлғалы Тастанбек есімді бабасың алапат күш иесі болғаның, қашан дүниеден

озғанша елін, жерін сыртқы жаулардан қорғап өткен хас батырлығын тілге тиек етіп айтып отыратын. Жаратушы иеміз бізге ондай талағай күш-қуат бермесе де, жыраулық өнерді нәсіп етіпті. Мұнысына да шүкіршілік дейміз. Тағдырыма бек ризамын. Бәзбір замандастарым шөң-шөкпе-німен, мал-мүліммен желпілсе, мен үкілі домбыраммен сыбызғы үнді сыр-найыммен мақтанамын.

Кішкентай кезімнен Жиенбайдың алты күң, алты түн шырқаса да біт-пейтін жараулы жорғадай сұлу Сырдың майда толқынындай, тоқсан тараулы ырнақтарын, Тасбергеннің жүрек қылын шертерлік мұңлы маңырамаларын, Орынбайдың самал өлдей өлдірмелерін, Молдахметтің терең тебіреністі термелерін, Үбісұл-тан мен Тұрымбеттің кең тынысты толғауларын естіп өстім. Мені шын болаттай шығдап өнер әлеміне әкел-ген, дүйім ел-жұртқа танытқан киелі мектептерімнің бірі – Сыр сүйлері болса, екіншісі – Нәкеңнің, Нартай Бекежановтың мектебі еді» деген екен. Ал ертеректе жалпақ жұртты қарата айтқан арнау жырларын айтуды өтінгенде мына жырды нақышына келтіріп орындаған көрінеді.

Руым Керейт, ұлымын Тұяқбайдың, Шабыт қисса бейне бір пырақтаймын. Ақтық демім біткенше шырқап өтем, Өнердің туын әсте құлатпаймын. Ақкөңіл ақпа жырау Ақмырзамың. Кісімісіп, пәлсінгенді ұнатпаймын. Шөлікеп қалса халқым ән мен жырға, Мейірін қандырарлық бұлақтаймын.

Бұл өткен күндерді көз алдына қайта әкелген әдемі сәттер еді. Жыраудың өмір жолы да керемет өрілген. Ол кісі Жалағаш ауданының қазіргі Еңбек ауылында дүниеге келген. Бұл өңір – ежелден өнер да-рыған киелі мекен. Ақтық демі біт-кенше Кеңесары ханның сарай ақыны, жорық жырышы болған және Бұқар-бай батырдың өшпес ерлігінің куәсі болған қанды көйлек қаруласы Нысанбай жыраудың да ата жұрты, алтын бесігі осы қасиетті мекен.

Ақтық демі біткенше жыраулық өнердің туын жоғыр ұстап, Сыр мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, кемел-денуіне мол үлес қосып, соңына өшпес мұра қалдырған жыр дүлдүлі Ақмырза Тұяқбаевтың есімі ел жүрегінде мәңгілік жасай бермек.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Назар

Абай сынға алған мақалдар

Расында, Абай әлемі даналықтың, даралықтың, көсемдік пен көрегендіктің үлгісіндей. Жылдар өтсе де ғұламаны айтқан әрбір есметнамасы бүгінгі өмірімізге де үлкен сабақ боларлық дүние. Сондықтан «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтуғын артына сөз қалдырған...» деп ұлықтайтынымыз да, ардақтайтынымыз да Абайдың сананы жаңартқан, сан сауалдың жауабын табуға жөн көрсетер тағылымды сөздері, пәлсапалық ойлары өміріміздің бағдаршамы секілді. Оны бабамыз кейінгі ұрпақ сабақ алсын, қажетіне жаратсын деп, қағазға маржандай ғып тізіп қалдырған. Егер кім бұл өмірде пендешілікке салынып адасса, тығырықтан жол таппай қиналса, Абайдың қара сөздерін немесе өлеңдерін оқыса, өзінің өмір жолына қандай да бір ғибрат алып, түзеледі немесе шырмауықтай шырмалған ойдың шешімін тауып, сергіп қалады. Сондықтан ұлы Абай қай қоғамда да ұстаз, ағартушы, терең философ бейнесімен тұлғаланады.



Абай өзінің жиырма тоғызыншы қара сөзінде қазақтың кейбір мақал-мәтелдеріне сын көзбен қарайды. М а қ а л екен деп қолдана бермей, мазмұнына қара дейді ұлы философ.

«Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатп, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қармағын, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.«Қалауын тапса, қар наады», «Сурауын тапса, адам баласының бермейтін жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сурауын таттамың, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сурау керек, не аққан терден сурау керек қой.«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шемдеп диуаналықпен бір күн болған бұралық неге жарайды?«Алтын көрсе, періште жолдан таады» дейді. Періштен садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылысң, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал төтті, алтынды үйден жан төтті» дейді. Ата-анасынан мал төтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артында балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

Текті сөзден түйін түйген Абай тағылымы шынында көз көлген ұғымға сын көзбен қарап, таразылауға үндейді. Сондықтан да Абай ұлы, сол себепті Абай дара, Абай дана.

Ақнұр Бектай

Алтын ұя

Салаға серпін берген білім ордасы

Бүгінгі жас ұрпақ білімді болса, елдің келешегі кемел болары ақиқат. Жастардың білімді болуы жаһандық дәуірде бәсекеге қабілетті мемлекеттің негізін қалауына жол ашады. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шетел тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына жол ашатын заманауи талаптар. Мұндағы негізгі ой – білім бәйгесінде біктын көрінетін білікті мамаң, уақыт талабына сай, кез келген кезеңде бәсекеге дайын тұлға қалыптастыру.

Күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Білім бар жерде өрлеу де бар, өсу де бар, жетілу мен кемелдену де таластамасқ емес. Біздің аудан білім саласына келгенде ауыз толтырып айтарлықтай, көпке мақтанарлықтай жетістікке жетті. Жыл сайын ҰБТ нәтижесімен, республикалық, қалаберді халықаралық білім бәйгелерінде топ жарып жүрген талапты шәкірттерімен қашан да алдыңғы қатардан көрініп келеді. Осындай қарқынмен қабілетпен, жүйелі жұмыс, жан-жақты ізденіс таластамаса, бұл саланың көнжелеп қалмайтыны анық. Осы ретте ауыл мектебінің бүгінгі бет-бейнесін даға қырынан көрсетіп келе жатқан Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейін ерекше атап өтуге болады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр Әл-Фараби атап өткендей, қай дәуірде де бала тәрбиесіне аса қатты мән берілген. Тыңнан түрен салып, заманның көшіне ілесетін, білім ошағынан алған білімі мен тәрбиесін қоғам үшін пайдаға жарата

білімді шәкірттерден кенде емес. Ұстаздар қауымы барында балаларды ынталандыруға, әрбір сабағын жаңаша, қызықты өткізуге талпынады. Өткеніеі оқушыны жалықтырып алмауды ойлайды. Түрлі білім додаларына жеңіске жетіп жүрген оқушылар бар. Олар жетістікке жеткен сайын мектебіміздің мерейі асып, ұстаздардың қызметіне деген ынтасы, жауапкершілігі арта түседі.

Біздің білім ошағының бір ерекшелігі бізде бірнеше сыныпты біріктірген «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы құрылған. Халқымызда шаңырақ сөзінің киелі де қасиетті екенін ескерсек, бір шаңыраққа біріккен жас ерекшелігі әр-түрлі екі сыныптың оқушылары үлкеннің кішіге деген қамқорлығын, кішінің үлкенге деген ізетін қалыптастыратын ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамы-тып, жасөспірімдер арасында өлімжеттік пен құқық бұзушылықтың алдын алуға, тәртіп пен мінез-құлық мәселесін шешуге мүмкіндік бергенін тәжірибе көрсетіп отыр. Әрбір «Шаңырақ» дүйсенбі күні өтетін дәстүрлі оқушылар жиынын кезекпен жалпызаматтық және ұлттық құндылықтарға сәйкес



Сонымен бірге бұл қауымдастық жұмысы «Қазақтың 100 әні» жобасы бойыншатізімгеенгенбірәніңтәрихымен таныстырып, сол әнді орындау арқылы ұлттық өнерді насихаттап та келеді екен. Ұмыт болған халық әндері мен халық композиторларының әнін іздеп, тарихын зерттеп, әнді орындау арқылы оқушылардың бойында ұлттық өнерге деген құрмет артатынына сенімді.

Иә, біз табан тіреген мектептегі жүзелі жұмыстардың легі тек мұнымен тоқтап қалмайды. Оқушылар, мектеп қызметкерлері мен ата-аналар арасында кеңінен насихатталып, аз уақытта өз нәтижесін көрсете бастаған «Көп оқып, көп білуге ұмтыл: лицей шәкірттері оқуға міндетті 30 кітап» жобасы да балаларды белсенділікке тәрбиелейді. Барлық сынып бұрыштарында үш тілде жазылған 30 кітаптың тізімі ілініп, мектеп кітапханасында арнайы көрме әзірленген. Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебімен тығыз тәжірибе алмасу барысында «Бұқроссинг» акциясы арқылы сирек кездесетін кітаптарға мектеп оқушы-ларының қол жеткізгенін айта кеткен жөн. Жоба басталғалы үш жылда 30 кітаптың тізімі толықтырылып, қазіргі таңда жүзге жуықтапты. Жалпы осы жоба оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты оятып, оқылған көркем әдебиеттер төңірегінде ой бөлісіп, кейіпкерлер өлемін талдау арқылы әдеби тілде сөйлеуге, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

– «Мен өлемге домбыраны таны-тамын!», «Ата-ананың жұмыс орнын-дағы 3 күн», «Туған жерге тағзым!» өлетану саяхаты, «Ақылды бейсенбі» кездесуі, «Балалар әлеміндегі игі істер» әлеуметтік жобалары – мек-тептегі жаңаша тәрбие үрдісі. Ал «Балалар әлеміндегі игі істер» жоба-сында мектепте үйде оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қамқорлыққа алу арқылы, оқушыларға өмірдік басқа қырынан қарай білуге, мүмкін-дігі шектеулі балалардың тірек қозға-

лысында шектеу болғанымен, арман-қиялында шектеудің жоқ екенін түсінуіне мүмкіндік болды. Оқушыларға рухани құндылықтар, оның ішінде адамгершілік пен имандылықты сезбен емес, іспен көрсетудің қаншалықты маңызы бар екенін осы жоба дәлелдеуде, – деген Айқын апай оқушыларға ұлттық рух пен ұлттық тәрбие беруде «Мұрагер» домбырашылар сыныбының рөлі зор екенін жеткізді.

Қандай шара болсын мектепке келген қонақтарды құмбірлеген күй-мен қарсы алу – мектептің игі дәстүр-лерінің бірі. Расымен мектепте күйші оқушылардан жасакталған «Мұра-гер» домбырашылар ансамблінің көп-шілік жақсы біледі. Быылғы оқу жы-лында «Мұрагер» сыныбына 41 оқушы қабылданыпты. Ұлттық өнерді насихаттауда қазіргі таңда бұл оқушылар қазақтың 100 күйі бойынша «Мен өлемге домбыраны танытамын!» жобасымен жұмыс жасауда.

Әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен бі-лім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-ана-ларын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Бұл ретте аталған мектептен ашылған арнайы сыныптар әдеттегі сыныпта дәстүрлі оқыту жағдайында қанағаттандырылмайтын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды саралап оқытады. Білім алушыларға ар-найы курстан өткен соңғы жетекшілері мен пән мұғалімдері бекітілген.

Сонымен қатар түзету сабақтарына психолог, логопед, дефектолог арнайы мамандар тағайындалып, оқушыларды сыныптан тыс мәдени шараларға өз сыныптарымен бірге қатыстыруды қам-тамасыз етеді.

Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» демекші, мектеп-тегі жоғарыда аталған жобалармен шектеліп қалмай кезек-кезеңімен басқа да жобаларды енгізу арқылы мектеп мәдениетін қалыптастыруды, үштік одақ арасындағы байланысты нығай-туды көздейді. Соның ішінде «Шапағат» әкелер кеңесінің жұмысын ерекше атап өткен жөн. Бала тәрбиесінде әкелердің рөлі мен ықпалын күшейтуге, әкелер мәртебесін көтеруге бағытталған кеңес жұмысы көпке үлгі. Нәтижесінде әкелердің сабақ үдерісі мен тәрбиелік шараларға қатысуы жолға қойылып, жиналыстарға белсенді қатысу көрсеткіші артқан Әкелермен жоспарлы тренингтер, топтық жұмыстар, семи-нарлар мен дөңгелек үстелдер жиі өтеді. Мектепте әкелерге педагогикалық-пси-хологиялық кеңес беру пункт жұмыс жасайды. Сонымен бірге мұғалімдермен бірлескен түпкі кезекшіліктерге шығу арқылы жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға да атса-лысып жүр.

Қанша жобаны қатар жүргізіп, білім мен тәрбиені ақсатпай отырған ұжымның еңбегі елеусіз қалған емес. Жеткен жетістіктер, көрсетілген құр-меттің бәрі сапалы білім беру ісінің нәтижесі деуге әбден болады. Ақын, сазгер А.Орынбаева, тәжірибелі мұғалімдер Ж.Тұрған, Ш.Қанбаева, Е.Есжанова, Е.Ыдырыс бастаған ұстаз деген ұлы есімді арқалап жүрген барлық педагогтың есөлі еңбегін айтып кету мүмкін емес. Мәдени, спорттық шаралардағы жетістіктерден бөлек, әскери-патриоттық тәрбие бағытында Отан қорғаушылар күніне орай өткен аудандық саптық байқауда да аталған мектеп 1 орынды иеленген. Ал тәннис үйірмесінің жетекшісі Т.Тұрғанов 15

оқушыны аталған спорт түріне баулып, оқушылардың спортқа деген ынта-жігерін қалыптастырып жүр. Сонымен бірге отыз жылға жуық білім саласының ыстық-суығына тезіп жүрген география пенінің мұғалімі Гүлдана Ермашанова да талай баланың қанатын қатайтып, білім нәрімен сусындатуда адалдық пен жауапкершілікті бірінші орынға қойып келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасың облыстық білім басқармасы мен кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасын, аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасын, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хатың, «Жыл ұстазы – 2020» номинациясын алса, облыс әкімдігі білім беру саласының қызметкерлеріне тағайындаған бір-жолғы сыйақының иегері атанған. Бі-лікті маманның білім берудегі жаңада әдістемелік, жаңартылған білім беру мазмұны сынды бірнеше жұмыстары басапағ ұсынылған. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пені мұғалімі Шолпан Қанбаева салада 27 жылдан астам уақыт еңбек етіп, бірнеше мәрте марапат төрінен көрініпті. ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатына, облыстық білім басқармасы мен кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасына, «Үздік мұғалім – 2021», «Үздік мұғалім – 2022» номинациясына ие болған. Мұнан бөлек «Құндылыққа бағытталған білім беру жағдайында музыка және кәсіптік білім беруді дамытудың инновациялық тәжірибесі» атты облыстық пен бірлестік жетекшілерінің секция отыры-сында «Ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, оқушылардың ұлт-тық музыкаға деген шығармашылық қабілетін арттыру» тақырыбындағы шебер сынып көрсеткені үшін №201 мектеп-лицейінің музыка пені мұғалімі Алыптүлік Жаңашева, «Тәрбиелік орта: құндылыққа бағдар және үздік тәжірибелер» тақырыбындағы тәрбие орынбасарларының бірлестік әдіс-темелік отырысында жұмыс көрсеткені үшін Феруза Досанова, білім басқар-масының ұйымдастыруымен өткізіл-ген мұғалімдердің облыстық спар-такиадасына іріктеу мақсатында шағын футболдан өткізілген жарыста үздік ойын көрсеткені үшін №201 мектеп мұғалімі Нұрғазы Ақылов, аудан бойын-ша білім саласының қызметкерлері арасында өткен шағын футбол сайысына қатысқаны үшін №201 мектеп мұғалімі Самат Нұрпейісов, Шахан Дәулет, білім беру ұйымдарының педа-гогтары арасында өткізілген «Үздік ав-торлық бағдарлама – 2022» облыстық байқауында I орын алғаны үшін Әліма Жаңабергенвалар үздіктер қатарынан көрініп, білім ордасының абыройын асқақтатып келеді.

Жалпы біздің атағанымыз талабы таудай, мақсаты айқын, ынта-жігері мен білімге құштарлығы алға жетелейтін, жас өрендер тәрбиеленуде барлық жаңашылдық пен тиімді әдістерді ойын жетілдіріп отыратын ұжымның жетістіктерінің бірнешеуі ғана. Біз тек саналы ұрпақ пен бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда даналық пен пайым-парасатты, жан-жақтылық пен жаңашылдық, тастай талап пен кіршіксіз мейірімді де тең ұстай білетін ұстаздардың еңбегі қашанда жемісті жылдарды қорытындылай берсін дейміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



алатын, бойындағы жастық бұла күшін елдің келешегі үшін жұмсайтын жігерлі жастарды ұядаң ұшырып келе жатқан бұл мектептің жетістігі мен жемісті сәттері көп-ақ. Білім ордасына бас сұғып, мектеп директорының міндетін атқарушы Айқын Жақсылықовамен тілдескенімізде балаларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен мәдениетімізді қайта жаңғыртуға аса мән беретінін байқадық.


– Бүгінгі заман басқалардан білектен емес, білімімен озатын заман. Бұрынғыдай емес, білім саласындағы оқу үрдісі, білім беру критерийлері, барлығы өзгерді. Қазір жан-жақты, жаңашыл үнемі ізденіс үстінде болсаң ғана еңбегіңнің жемісін көресің. Шүкір, біздің мектеп білікті ұстаз,

шығармашылық ізденіспен өткізеді. 10 минутта шаңырақ мұшелері мерекелі құттықтаулар, белгілі кісілермен сыр-сұхбаттар, кездесу, әдеби-музыкалық монтаждар сияқты тағы басқа да формаларда жындар өткізіп, сол тақырыпта газеттерін таратады. «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы оқушылардың белсенді өмірлік ұстаны-мын қалыптастырып, қоғамға қызмет етуді мектеп табалдырығынан дайын-дауды мақсат етеді. Оқушының өзін-өзі басқаруы әр оқушыға ұйымдас-тырушылық қызметке белсенді қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етіп, бастама көтеру, шешім қабылдау және өз шаңы-рағында оны жүзеге асыру арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамытады, – дейді Айқын Жақсылықова.

4 ДИДАР

Сөз – тағдырыңның иесі

Ғылымда сөздің магиялық қасиеті, қуатты энергиясы бары айтылады. Сөз – адамзат баласына ортақ құндылық. Бірақ соның ішінде қазақ – сөздің қадірін құрсағынан біліп туған халық. Тоқсан ауыз сөздің түйінін бір ауыз сөзбен шешкен бабаларымызды әулие демеске әддіміз жоқ. Бітіспес даудың өзінде екі тарап аталы сөзге тоқтапты, тіпті бір ауыз сөз үшін жанын да құрбан етіпті. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деп сақтанып сөйлепті. Он бөленің тоғызы тілден екенін білген бабаларымыз үнемі жақсы сөз айтуды, болмаса үндемегенді абзал көріпті. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген даналық содан қалса керек.



Мүмкін оған «Зираттағы жыр» деген өлеңі себеп шығар. Алайда өмір жолы мен шығармашылығында қиындықтар мен кедергілерді басынан көп өткізген Мұқағали жырларын оқып отырып терең ойға батып, ауыр күрсінесің. Ақын бір өлеңінде:

Өзімнің есебімде,
Мен биыл дәл қырықтың бесеуінде.
Кім біледі өндігі қалған өмір,
Неше жылға жетерің, неше күнге.
...Ұмыт болып есебім, есепім де,
Ұйықтап кетсем болғаны төсегімде.
Қырықтың бесеуінде, — деп мұңайды.
Айтқанындай дәл қырық бес жасында өмірден өтіп кете барды. Әрине Мұқағали өмірінің соңын жан азабымен бірге тән азабын да тартып, бір басындағы мың сан аурумен арпаласып, ауруханада өткізгенін білеміз. Мүмкін, өмірді сүйген аяулы ауыл сыртында тезек теріп жүргенде аш қасқырлар талап, мерт қылады. Кейінірек қаза болған келіншектің енесі мен қызының арасындағы өзара еңгімеде жеңгесінің көрген түсін және оны әзілдеп жорығанын айтып қыз жылайды. Сонда оған анасы «Түсті теріс жорығаның болмаған екең қызым. Марқұм жеңгеңнің құрсағына егіз ер бала біткен екен, омырауын таласа тартқылап еміп жатқан сол көкжалдай екі ұл еді ғой!» деп өкініш білдіріпті. Міне, осылай қылжақтап айтқан бір ауыз орынсыз сөз шындайқа айналып, бір қыршынның өмірін қиып жіберіпті.

Қазақ ақындарының ішінде Мұқағали Мақатаевты «тірісінде өзінің жаназасын шығарып кеткен ақын» дейді. Қанды ауыз тағдыр қалайсын? Он екі мүшең аман ба? Қорқыт боп келсем өмірге, Қарсы тұрмас ем ажалға. Әзірейіл тұрар тегінде, Алынбай ешбір қамалға. Мәйітке біржола айналып, Есігін көрдің қағарда. Бір шумақ өлең оқышы, Қабірімді менің қазарда.

Қаламымды орап бірге көм,
Бір жапырақ қағазға.
Дәл осылай істе, әйтпесе,
Асан боп арман айтарымн
Аңызды ажал далаңда.
Түркілер де білген ақырын
Тағдырын тасқа жазарда...

Бір қызығы айтқыс өнерінің аспанынан ерте ағып түскен жарық жұлдыз осы шумақты тіршілікпен қоштасар сәтінен бір сағат бұрын ғана жазыпты деседі. Сол жерден денесін әкелгендер әлгі сиясы кеппеген жырды төсқалтасынан тауып алыпты. Ақын Жүрсін Ерман Қазақстан Жазушылар Одағының ғимаратында марқұмның жаназасына жиылған жамағаттың алдында оқып беріп, халықты жылатты.

Мүмкін, Оразалының сол сапарында ауызына Алла сол сөздерді салған шығар. Бұны біз ажал алдында ақын денсаулығының қайта қалыпқа келмейтінін сөзген шығар дейік. Бірақ ауырмай-ақ алшандар жүріп, небары жиырма тоғыз жасында көлік апатынан көз жұмған айтқыскер ақын Оразалы Досбосыновтың мына шумақтары да сөздің адам тағдырына әсерін айғақтай түседі.

Қалай десек те, сөз – ең күшті энергия. Қуаты найзағайдан да жойқын. Бұл жайында да дана қазақ «таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп төсірлеген. Егер орынсыз сөйлеуден тиылғың келсе, ауызыңа малта немесе тас салып ал депті ислам ғұламалары. Бірақ алдымен сөзді тудыратын ой екенін де естен шығармауымыз керек. Ой дегеніміз – ниет. Оң, ізгі ниеттен жақсы сөз туады, теріс пиял адам

тағдырына көрі әсерін тигізетін, турасын айтсақ, запал зиянын тигізетін сөзді тудырады.

Қазірде адамдардың барлығының басын шытырман ой шырмап тастаған. Тұрмыс тауқыметі бар, отбасылық жұмыс жағдайындағы мәселелері бар, әйтеуір, қоғамдық ортадағы адамдардың көбінің жүйкесі жұқарған. Ал мұндай қалыпта жүрген адамның кешегі бабалары айтып кеткен «жақсы сөз – жарым ырысын» ескере беруі екіталай. Қазіргі жас балалардың өзінде пессимизм басым. Сөйлесе қалсаң, көздерінен де, сөздерінен де үміттің ұшқынын байқамайсың. Дүниені төңкеріп, ақырзаманды әкеліп, бүгін-ертең тіршілігі түгесілетіндей сөйлейді. Бүгінгі жас ақындардың көбінің өлеңі де сондай бағытта. Жылаңқы. Өмірден түңіліп, тіршіліктен баз кешіп жүреді. Кейде жаныңды жұбату үшін оқи қалсаң, тіршіліктен түңіліп кетесің.

Қысқасы, жақсы сөз тек иесіне ғана жартылай ырыс, бүтіндей жақсылық алып келмейді, айналасының барлығына шарапатын тигізеді. Сондықтан өзіміз үшін де, басқалар үшін де жақсы сөз айтқаннан көкірек көзіміз суалып қалмайды. Сөздік қорымызды күнге бір жақсы сөзбен толықтырып отырсақ және оны күнделікті өмізізге де, жақындарымызға да арнаған болсақ, сөзіміз қысқарып, өміріміз ұзарар еді. Өйткені сөздің иесі – өзіміз, ал сөзіміз – тағдырымыздың қожасы.

Қуат АДИС

Адамгершілік хақындағы екі оқиға



Өте қарапайым киінген отбасылық жұп Бостон вокзалынан пойыздан түсіп, Гарвард университетінің президенті отыратын офиске бет алады. Оларды онда ешкім күтіп отырған жоқ еді, тіпті алдын ала кездесуге де тіркелмеген болатын.

Қабылдау бөлмесінде отырған хатшы қыз ауылдық жерден келген екеуді көрген бетте оларды бастығының ықылассыз қабылдайтынын бірден ұқты.

– Университет басшысының бүгін жұмыстары өте көп, босамайды, – деді ол келген екі кісінің күдерін үзбек болып.

– Біз асығыс емеспіз! Тоса тұрамыз, – деп тіп қатты алыс жолдан арнайы келген қос жолаушы.

Бірнеше сағат бойы қабылдау бөлмесінде тапжылмай отырған екеуге көзінің қиығын да салмастан хатшы қыз өз шаруасымен күйбеңдеп жүрді. Ақыры бұлардың кетпейтініне көзі жеткен соң бастығына кіріп:

– Тым болмаса ана екеуін бірер минутқа қабылдап, шығарып саларсыз?! Әйтпесе кететін түрі жоқ, – деді.

Университет президентінің кең кабинетіне жұбайлар имене кірген кезде басшы қабағын шытып маңғаздана қалды.

– Біздің ұлымыз сіз басқаратын университетте бір жылдай білім алған еді және ол осында оқығанын әрдайым мақтан етіп отыратын, – деп бастады әйел әңгімесін.

– Өкінішке орай, ұлымыз былтыр кеңеттен көз жұмды. Жалғыз баламыздың қайғысы жанымызға қатты батты. Есімізді жиган соң күйеуіміз екеуіміз кеңесе келе осы университет аумағына ұлымызға белгі боларлық бір ескерткіш белгі қалдырсақ деп шештік...

Мына сөздерді естігенде президент қуанбады, қайта қабағы одан бетер түнеріп, тіпті қып-қызыл болып ашуға булығып кетті. Сосын әр сөзін тісінің арасынан сыздықтатып:

– Ханым, біз Гарвардта оқуып жүріп өліп кеткен әр студентке ескерткіш соға алмаймыз. Олай болғанда университет маңы зиратқа айналып кетпей ме, – деді.

– Жо-жоқ, сіз бізді дұрыс түсінбедіңіз,

мырза! Біз құлпытас немесе ескерткіш тақта емес, осы университеттің ханына жаңа оқу корпусын салсақ деп едік, – деді әйел жылдамда сөйлеп.

Ашулы президенттің жүзінде лезде таңырқаудың және әжуалы күлкінің табы пайда болды. Тым қарапайым кейінген екеудің басынан аяғына дейін бір шолып шығып:

– Корпус? Сіздер бір корпустың құрылысына қанша қаражат кететінін білесіздер ме? Осы Гарвард университетінің өзі жеті миллион доллардан аса ақшаға салынған. Қайталап айтайың, же-е-е-ті миллион-он доллар, – деп ақшаның көлемін әдейі созып нығырлап айтты.

Арада орнаған сәл үнсіздіктен соң әйел күйеуіне бұрылып:

– Егер университет салуға осында аз қаржы жұмсалатын болса неге біз қосымша корпус емес, жаңа университет салмасақ, – деді сұраулы жүзбен.

Жұпанылау киінген күйеуі үнсіз басын изеп, әйелін қолдайтынын білдірді. Мистер және миссис Стэнфордтар жылы қоштасып шығып кетті. Гарвард президенті жұмбақ жандарға танырқап қала берді...

Көп ұзамай Калифорния штатындағы Пало-Альто қаласынан жоғары оқу орнының құрылысы басталды...

Ол университет – қазірде әлемге әйгілі әрі өте беделді Киш Леланд Стэнфорд атындағы білім ордасы. Теміржол магнаты әрі АҚШ сенаторы Леланд Стэнфорд пен оның жұбайы Джейн Стэнфордтың 1884 жылы он алтыға толмай қайтыс болған ұлдарының құрметіне қалдырған оқу орнында бүгінде әлемнің әр түкпірінен келген түлектер білім алып жатыр.

Осы білім ордасының іргетасы қаланып жатқанда ерлі-зайыпты Стэнфордтар «Біз жалғыз ұлымыздан айырылсақ та, бүкіл Калифорнияның білімді жастары біздің балаларымыз болады» деген өкен. Сол сөз «Еркіндіктің самалы ұзақ шалқиды» («Die Luft der Freiheit weht») деген университеттің ұранына ұласып, бүкіл әлемді білімді жас маман болып көзіп кетті...

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Спорт

Адам баласы елдің есінде қалу үшін өмір сүрмейді, өзінің өнегелі өмірі, айналасына жасаған жақсылығы, қоғамға сіңген еңбегі арқылы халықтың жадында қалады. Еліне адал қызмет еткен тұлғаның ғұмыры мәңгілік.

Тұғыры биік тау тұлға



Өткен аптада Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен медицина саласында ұзақ жыл еңбек еткен, денсаулық сақтау саласының дамуына зор үлес қосқан білікті дәрігер Ханзулла Кеметовті еске алып, артында қалған жарқын істерің, өнегелі жолын жас ұрпаққа үлгі ету және оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Тұғыры биік тау тұлға» атты спорттық шара өтті.

Мектеп-лицейдің 6 сынып оқушыларынан құралған үш команда сайыстың бес кезеңі бойынша сынға түсті. Атап айтсақ, спорттық құралдармен жүгіру, допты қолмен демеп отырып, кедергілер арасымен өту, тюннелден өту, үрленген доппен отырып секіру және арқан тарту түрлері бойынша қызықты да тартысты жарыс өтті. Бұл сайыстың бір ерекшелігі, командаларға тек спортқа бейімі бар балаларды іріктеп алып қана қоймай, басқа балаларды да физикалық қозғалысқа бейімдеуді, олардың күнделікті өміріне салауатты өмір салтын қалыптастыруды мақсат еткен.

Жас ұрпақ үшін маңызы зор спорттық шараны аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің тілшісі Қуат Ахетов ашып, сайыстың атауына арқау болған Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Ханзулла Кеметовты жылы естеліктермен еске алып, өнегелі ғұмыр иесінің таудай тұлғасын оқушыларға үлгі етті және сайысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Сонымен бас төреші балаларға жарыс ережесін таныстырып өткен соң, командалардың арасында өзара тартысты бәсеке басталды. Спорттық құралдармен жүгіруді оқушылар сәл сылбыр бастағанымен, эстафеталық сайыстың одан кейінгі кезеңдерінде кімилдары ширады. Тіпті арқан тартыс кезеңінде көрерменнің қолдауын сезінген команда ойыншылары біраз уақытқа дейін бір-біріне беріспей, барынша тырысып бақты. Алайда жарыс болған жерде ішінен біреуі жүзден жүйрік шығып, жеңімпаздар анықталады.

Төрешілердіңжәне қазылар алқасыныңұйғарымымен I орынды 19 ұпаймен үздік ойын көрсеткен 6 «б» сынып оқушыларынан құралған команда жеңіп алса, II орынды 18 ұпаймен 6 «а» сыныбынан құралған команда иеленді. Ал 6 «ә» сыныбынан құралған команда 13 ұпай санымен III орынға табан тіреді.

Жеңімпаз командалар арнайы дипломдармен, спорттық кубоктармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Одан бөлек әлемі ойын өрнегімен кезге түскен ойыншылар да арнайы номинацияларға ие болды. Атап айтсақ, «Үздік ойыншы» номинациясымен Ханзулла Мақпал, «Жылдам ойыншы» номинациясымен СерікқызыНұрсұлу, «Шалпанойыншы» номинациясымен Нұрлыбек Мәди марапатталды.

Сайысқа №123 мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Құлманқұлова және осы мектеп-лицейдің кәсіподақ кеңесінің төрайымы Салтанат Қосжанова, аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің тілшісі Қуат Ахетов қазылық жасады. Сонымен бірге мектеп-лицейдің дене шынықтыру пәні мұғалімдері Нұргелді Ноғайбаев, Аймұрат Аманқұлов, Дәулет Мұратбекұлы, Айдос Ахметов және Айдос Әбілхановтар жарысқа төрелік етті.

Ақнұр Алмасқызы



Дайындаған Ақнұр Бектай

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ